

Түркістан облысы білім басқармасының
«№11 колледж»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі мәжілісінің

ХАТТАМАСЫ №3

«02»қазан 2023ж.

Қатысқандар: 17 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындалу барысы туралы.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша жиналыс төрағасы, колледж басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Т.Мақсұтов «№11 колледжі» МКҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама көрсетілген кемшіліктерді жою бойынша орындалып жатқан жұмыстар барысына тоқталды.

Колледждегі бос орындарға орналасу кезінде кадрларды іріктеу үшін арнайы комиссия түзілді, іріктеу барысын хаттамамен рәсімдеп жүру кадр бөлімінің меңгерушісі Орынбасар Айбекке тапсырылды. Тауарларды және қызметтерді сатып алу рәсімдері заң аясында, тиісті мерзімде өткізу қамтамасыз етілсін, сонымен қатар алдағы уақытта аталмыш кемшіліктерге жол бермеу мақсатында тиісті шаралар қабылданды. Колледждегі сатып алуды ұйымдастырған кезде “Мемлекеттік сатып алу туралы” Заңның 1-тармағы 41 бабына сәйкес жүргізілсін, яғни бәсекелестік ортаның болуы қамтамасыз етуін қадағалау бас есепші Досмұрзаев Жасұланға тапсырылды.

«№11 колледжінде» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 24 тамыздағы №576 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау және сыбайлас жемқорлықты алдын алу мақсатында арнайы жоспар түзіліп, осы бағыттағы барлық шаралар жүйелі түрде сапалы өткізіледі. Нормативтік құжаттарды бекіту, жоспар бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты колледж сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларға жариялау жұмысы жақсы жолға қойылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті ұйымдастыру үшін «Sanaly Utraq» клубының мүшелері бастамасымен тақырыптық тренингтер мен семинарлар, дебаттар жоспары бекітілді.

Жиын соңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты бірқатар сұрақтар төңірегінде талқылау жүргізілді, сұрақтар қойылды, ұсыныстар жасалды.

Қаулы:

1. Колледждегі сатып алуды ұйымдастыру барысында “Мемлекеттік сатып алу туралы” Заңның 1-тармағы 41 бабына сәйкес жүргізілсін, бәсекелестік орта қамтамасыз етілсін. Қадағалау бас есепші Ж.Досмұрзаевқа жүктелсін.
2. Қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруі, жастардың сыбайлас жемқорлықтан кез келген түрінен бас тартуына табандылық таныту мақсатында педагогтар мен студенттер арасында түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырылсын. Орындалуы басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Т.Мақсұтовқа жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:

Т.Мақсұтов

Хатшы:

А.Тілеуов